

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын Z952200_ жүзеге асыру мақсатында қаулы етемін:

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

Қазақстан Республикасының заң актілерін "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес келтіру туралы Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыныс жасасын;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар осы Жарлығына сәйкес келтірсін;

Қазақстан Республикасының орталық атқарушы өкімет органдары мен облыстары әкімдерінің, Алматы және Ленинск қалалары әкімдерінің осы жарлыққа қайшы келетін нормативтік актілері мен нұсқауларын қайта қарау мен алып тастауды қамтамасыз етсін.

лицензияланған кәсіпкерлік қызметті заңды тұлға құрмай-ақ (жеке кәсіпкерлік) жүзеге асырушы азаматтарды қызметтің тиісті түрін лицензиялайтын мемлекеттік органдарда қайта тіркеу жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

Қазақстан Республикасының

Президенті